

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде

БЕКІТІЛДІ

№ 13 хаттама « 20» 06. 2021ж

Факультет деканы _м.а _____ Ә.Ө.Өмірбекова

**«ЖОО-КОЛЛЕДЖДЕ-МЕКТЕПТЕ ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУДЫ» ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»
ПӘНІНЕН ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

КРЕДИТ САНЫ - 3

КУРС -2

Құрастырған: ӘРІНОВА Б.А.

АЛМАТЫ -2021

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Әрінова Бақыт Айтуқызы

7МО1801- Өзін-өзі тану және гуманды педагогиканың негіздері » мамандығының білім беру бағдарламасы негізінде

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«_15_»_06_____2021 ж., хаттама №_13_

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С.Әлқожаева

Факультеттің әдістемелік кеңесінде ұсынылды.

«_17_»_06_____2021 ж., хаттама №13_

Факультеттің әдістемелік кеңесінің төрағасы _____ М.П.Кабакова

«ЖОО-колледжде-мектепте өзін-өзі тануды» оқыту әдістемесі пәнінен 7MO01801 – «Өзін-өзі тану және гуманды педагогика негіздері» мамандығының 2 курс магистранттарына арналған 2021-2022 оқу жылының күзгі семестріндегі қорытынды емтихан бағдарламасы

Емтихан – ауызша

Емтихан форматы-онлайн

Univer жүйесінде өткізіледі.

Кредит саны -3

Қорытынды емтихан ауызша түрде жүргізіледі. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылды. Тақырыптық мазмұндар барлық талаптарға сай жүйеленген. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту нәтижелеріне сәйкес теориялық мәселелерді білу мен түсінуді бағалайтын жетістік индикаторлары түріндегі когнитивті құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің пәннің білім мазмұнын түсінуі мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады. ЖОО-колледжде-мектепте өзін-өзі тануды оқытудың әдістемелік ұстанымдарын ашып көрсету бағытындағы практикалық тапсырмалар беріледі.

Емтиханға арналған тақырыптар:

1 тақырып. ЖОО-колледжде-мектепте «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. ЖОО-колледжде-мектепте «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

2 тақырып. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының философиялық-психологиялық, педагогикалық негіздері. «Өзін-өзі тану» РАБББ аксиологиялық негіздері: құндылықтық аспект.

3 тақырып. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім беру жүйесіндегі «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы. «Өзін-өзі тану» пәнінің Типтік оқу жоспары: оқу бағдарламалары. Жоғары оқу орындарында «Өзін-өзі тану» мұғалімдерін даярлау мәселесі.

4 тақырып. Жоғары оқу орындарындағы «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесі және әдістемелік ерекшеліктері. ҚР ЖОО «Өзін-өзі тану» курсының бакалавриаттағы, магистратурадағы және докторантурадағы мазмұндық құрылымы

5 тақырып. Гуманды педагогика негізінде ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттіліктері. ЖОО-колледжде-мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің педагог мамандарының біліктілігін арттыру және өзін-өзі дамыту.

6 тақырып. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы. Колледждердегі «Өзін-өзі тану» пәнінің «Оқу жұмыс бағдарламасы және пәннің базалық білім мазмұны.

7 тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнінің Үлгілік оқу жоспарларындағы оқыту нәтижелері. Жаңартылған білім беру жағдайында өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі. «Өзін-өзі тану» АҮДГК қолданылатын «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтары және ОӘК гумандық әлеуеті (теориялық-әдістемелік талдау)

8 тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнінің интеграциялық сипаты: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің рухани-адамгершілік интеграциялануы. Колледждегі «Өзін-өзі тану» пәні сабақтарының құрылымдық-мазмұндық компоненттері және оқыту әдістері. Колледжде пайдаланылатын оқулықтар мен ОӘК ғылыми –әдістемелік жүйесі.

9 тақырып. Жалпы орта, техникалық кәсіптік және жоғары білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі өзін-өзі тану сабақтарын жүргізу әдістемесі. «Ақиқат», «Сүйіспеншілік» құндылықтары бойынша сабақ өткізу әдістемесі. Педагогикалық колледждерде «Дұрыс әрекет», «Ішкі тыныштық» және «Қиянат жасамау» құндылықтары бойынша сабақ өткізу әдістемесі.

10 тақырып . Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу жетістіктерін бағалау формалары. «Өзін-өзі тану» сабақтарындағы шығармашылық тапсырмалар, тренингтер және жоба қорғау әдістемесі. Колледжде «Өзін-өзі тану» курсы оқытудағы инновациялық әдістер, технологиялар және тренингтер

11 тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнінің жаңартылған білім беру жүйесіндегі орны. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары бастауыш, негізгі және бағдарлы мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұндық құрылымы: әдістемелік жүйесі

12 тақырып. Мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінде жалпыадамзаттық құндылықтарды сабақтан тыс жұмыстарға енгізу әдістемесі. Ата-аналармен байланыс - «Өзін-өзі тану» РАБББ жүзеге асырудың қажетті шарты. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша мектеп оқушыларының өзіндік жұмыстарын, жоба қорғауды ұйымдастыру ерекшеліктері.

13 тақырып. «Өзін-өзі тану» сабақтарындағы музыканың орны және өткізу әдістері. «Өзін-өзі тану» сабақтарында рухани-адамгершілік мәнде оқиға айту, әңгіме құрастыру, сұрақ қою технологиясы.

14 тақырып. «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің педагогикалық қарым-қатынасы. Мұғалімнің адамгершілік өмірі шынайы көшбасшылықтың үлгісі ретінде. Ұлы рухани ұстаздар көшбасшылық туралы. «Өзін өзі тану» мұғалімінің кәсіби сапаларының дамуындағы рухани- адамгершілік құндылықтар жүйесі.

15 тақырып. Мектептегі «Өзін-өзі тану» сабақтарында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау формалары: тестілеу және мониторинг . «Өзін-өзі тану» РАБББ негізінде сабақты талдау ережелері.

Емтиханға дайындығын бағалау, оқыту нәтижесі: Баға қою өлшемдері.

Балл	Жауап мазмұны
95-100 (А) 90-94 (А-) Өте жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген.

	3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
85-89 (B+) 80-84 (B) 75-79 (B-) 70-74 (C+) Жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.
65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) (Қанағаттанарлық)	1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.
25-49 (FX) 0-24 (F) (Қанағаттанарлықсыз)	1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Рысбаева А.Қ, Жұмабекова Ф.Н., Омарбекова А.И. Өзін-өзі тану. Оқулық. Фолиант. Астана. 2019. – 326 б
2. Мұқажанова Р.А, Омарова Г.А. Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі. Мұғалімдер үшін оқу-әдістемелік құрал – Алматы: ҰҒПББСО «Бөбек», 2016. – 128 б.
3. «Өмір әдебі» курсы (Адамгершілік әліппесі – 1-4 сын.; Адамгершілік грамматикасы – 5-9 сын.; Ар-ұждан ілімі – 10-11 сын.). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. / Рысбаева А.К., Ходжамуратова С.Г., Габбасова Б./ – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014. – 160 б.
4. Әрінова Б.А. «Өзін өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2018.-172 б.
5. Әкімбаева Ж.Ж., Ахметова А.И. Бірыңғай білім беру кеңістігінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасымен ықпалдасқан тәжірибелік мектептерде сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал (қазақ тілінде). / – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014-140 б.
6. Тренерлер үшін нұсқаулық. Мұғалімдер үшін оқу- әдістемелік құрал. ҰҒПББСО «Бөбек» 2015.-96 б.